

**«Қорытынды аттестацияны ұйымдастыруды бағалау»
сауалнама қорытындысы бойынша анықтама**

Ректордың 2026 жылғы 25 мамырдағы № 926 бұйрығына сәйкес ағымдағы жылдың 25 мамыры мен 15 маусымы аралығында Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті бітіруші курс білім алушылары арасында **«Қорытынды аттестацияны ұйымдастыруды бағалау»** тақырыбында әлеуметтанулық сауалнама ұйымдастырды.

Сауалнаманың мақсаты – академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ білім алушыларын қорытынды аттестаттаудың ашықтығы мен объективтілігіне қатысты бітіруші курс білім алушыларының пікірін зерделеу.

Сауалнама құралы – сауалнама парағы. Сауалнама «Platonus» ААЖ жүйесіндегі білім алушылардың жеке кабинеттері арқылы жүргізілді. Сауалнамадағы сұрақтар саны – 8.

Нысаналы аудитория – бакалавриаттың бітіруші курс білім алушылары.

Зерттеуге 1154 адам қатысты, бұл нысаналы аудиторияның **45 %-ын** құрады (1-кесте).


1 кесте.

**Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны
(факультеттер бойынша)**

	Факультет	Контингент	Респонденттер саны	Респонденттер %
1	Биология-география	186	85	46%
2	Тарих	370	147	40%
3	Шет тілдер	157	144	92%
4	Математика және АТ	241	108	45%
5	Педагогика	174	68	39%
6	Физика-техника	151	89	59%
7	Дене мәдениеті және спорт	275	136	49%
8	Филология	260	93	36%
9	Философия және психология	234	92	39%
10	Химия	193	78	40%
11	Экономика	181	70	39%
12	Заң	128	44	34%
	БАРЛЫҒЫ	2550	1154	45%

Респонденттерге академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дағы қорытынды аттестаттауды (ҚА) ұйымдастыру деңгейін бағалау ұсынылды. Респонденттердің басым көпшілігі қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру деңгейінің жоғары екенін атап өтті. Атап айтқанда, респонденттердің 90%-дан астамы қорытынды аттестаттаудың кестесімен және материалдарымен уақтылы таныстырылғанын, оны өткізу үшін тиісті жағдайлардың жасалғанын, соның ішінде аудиториялар мен жабдықтардың дайын болғанын, сондай-ақ уақыт регламентінің сақталғанын атап өтті. Бұл университеттегі ұйымдастыру

жұмыстарының сапалы жүргізілгенін және аталған үдерістің жеткілікті деңгейде ақпараттық сүйемелденгенін көрсетеді (1-сурет).



1-сурет. Білім алушылардың қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру сапасын бағалау нәтижелері

Одан әрі респонденттерге қорытынды аттестаттау комиссиясының мүшелерімен өзара қарым-қатынасты бағалау ұсынылды. Нәтижелер комиссия жұмысының жоғары бағаланғанын көрсетеді. Атап айтқанда, сауалнамаға қатысқандардың 97%-ы комиссия мүшелерінің кәсіби әдеп нормалары мен ізгі ниеттілік қағидаттарын сақтауын оң бағалады. Респонденттердің 96%-ы білімді бағалаудың объективтілігін де жоғары бағалады: олардың 80%-ы «Толығымен объективті», ал 16%-ы «Көбіне объективті» деген жауап нұсқасын таңдады.

Түлектердің басым көпшілігі қорытынды аттестаттауды өткізу барысында қандай да бір бұзушылықтарға тап болмағанын атап өтті. Сауалнамаға қатысушылардың 87%-ы ешқандай бұзушылық болмағанын растады. 2-кестеде факультеттер бөлінісінде анықталған сәйкессіздіктер туралы мәліметтер берілген.

2 кесте

Факультеттер бөлінісінде қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібінің сақталуын бағалау

№		Шпаргалка, ұялы телефонды қолдану	Басқа адамнан көшіру, көмектесу	Емтиханды басқа адам үшін тапсыруға әрекеттену	Басқа тұлғалар тарапынан көрсетілген көмек	Комиссия мүшелері тарапынан материалдық сыйақы талап ету	Жоқ, аталған бұзушылықтар болған жоқ
1	БИОЛОГ	11%	2%	1%	-	2%	84,7%
2	ШЕТТІЛ	6%	1%	2%	1%	1%	93,1%
3	ТАРИХ	5%	1%	2%	-	2%	92,5%
4	МАТ	12%	1%	-	-	-	88,0%
5	ПЕД	4%	-	-	-	1%	94,1%
6	ФИЗИКА	4%	2%	2%	-	-	92,1%
7	ДМС	13%	1%	1%	1%	-	83,8%
8	ФИЛ	8%	5%	-	-	5%	83,9%

9	ФИЛОС	10%	4%	1%	1%	3%	81,5%
10	ХИМ	13%	4%	-	4%	1%	80,8%
11	ЭКОНОМ	6%	3%	4%	4%	-	84,3%
12	ЗАҢ	9%	5%	2%	-	-	86,4%
	барлығы	8%	2%	1%	1%	1%	87,5%

Сәйкессіздіктердің болмағанын атап өткен студенттердің ең жоғары үлесі төрт факультетте тіркелді:

Педагогика факультеті — 94,1%;

Шет тілдер факультеті — 93,1%;

Тарих факультеті — 92,5%;

Физика-техника факультеті — 92,1%.

Сонымен қатар бұл факультеттерде сәйкессіздіктердің басқада түрлері бойынша төмен көрсеткіштер тіркелген. Бұл факультет басшылығының қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізетінін көрсетеді.

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру барысында студенттер сәйкессіздіктердің болғанын атап өткен төрт факультетті көрсету қажет:

Химия факультеті — респонденттердің 19,2%-ы;

Философия және психология факультеті — 18,5%;

Дене мәдениеті және спорт факультеті — 16,2%;

Филология факультеті — 16,1%.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер білім алушылардың қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға деген сенім деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Респонденттердің басым көпшілігі (92%) қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуді, комиссия мүшелерінің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын, ізгі ниеттілігін және бағалаудың объективтілігін оң бағалады. Бұл аталған рәсімнің ашықтығы мен объективтілігінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар, сәйкессіздіктер жайлы жекелеген хабарламалардың кездесуі бақылауды одан әрі жетілдіру және академиялық адалдық қағидаттарының бұзылуының алдын алу қажеттігін айғақтайды.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген